

КЕЙБІР ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Сарекенова Қ.Қ.¹, Бейсенбай А.Б.², *Мұхтарова Ф.С.³

¹фил.ғыл.док., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,
e-mail: sarekenova@mail.ru, 0000-0002-9464-0070

²фил.ғыл.канд., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
e-mail: Beisenbai_ab@enu.kz

*³докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
e-mail: farizamm97@gmail.com, 0000-0003-4996-9210

Аңдатпа. Қазақ даласы жер бедері алуан түрлі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне бай. Халықтың ұлттық болмысын, рухани мәдениетін, салт-дәстүр ерекшелігін *табиғат-адам* қатынасына сай келетін өсімдік атаулары көрсетеді. Жылдар бойы өсімдік атауларының биологиялық ерекшеліктері мен құрылымдық жүйесі қарастырылды. Ал олардың семантикасы, фитонимдердің жасалу уәжі, ұлттық ерекшелігі әлі де зерттеуді талап етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі өсімдік атауларын нысан етіп алып, олардың когнитивтік лингвистикадағы орнын анықтау, этнографиялық сипатын көрсету. *Зерттеу жұмысының маңыздылығы адыраспан, жусан, қамыс, бадам, жаңғақ* секілді фитонимдердің этимологиясын, лингвистикалық ерекшеліктерін, емдік қасиеттерін, киелілік, магиялық, мифтік айрықша белгілерін қарастыру. Мақаланы жазу барысында сипаттау, лексика-семантикалық талдау, жүйелеу әдістері қолданылды. *Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесінде* адыраспанның пайдасы, басты ерекшелігі туралы ақпарат беріліп, түрік және қазақ халықтарының осы өсімдік жайлы таным-түсініктері салыстырылды. Жусан өсімдігінің этимологиясына тоқталып, қазақ танымындағы символдық мәні ескерілді. Қамыс фитониміне анықтама беріліп, этнографиялық сипаты айқындалды, сонымен қатар қамысқа байланысты кездесетін түс жорулар қарастырылды. Ғалымдардың теориялық пікірлері ескеріліп, аталған өсімдіктердің көркем әдебиетте қолданылу ерекшеліктері, фитонимдер негізінде жасалған тұрақты тіркестер мен тілдік бірліктер көрсетілді. Өсімдіктерге қатысты тіл білімінде, ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін теңеулер, ырым-тыйым сөздер мен мифологиялық ақпараттар, наным-сенімдер қарастырылды. *Зерттеудің практикалық маңызы:* этнографиялық сөздіктерді пайдалана отырып берілген өсімдіктердің этнолингвистикалық сипаты анықталды. Антропоэзеттік парадигма негізінде өсімдік атауларына қатысты бірліктерді адамның танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастыру қолға алынды.

Тірек сөздер: этнолингвистика, жусан, адыраспан, қамыс, бадам, жаңғақ, фитоним, табиғат

Негізгі ережелер

Белгілі бір халықтың сөздік құрамы сол этностың тілдік ерекшелігін, әлемнің тілдік бейнесін көрсетеді. Оның құрамына әртүрлі лексемалар, соның ішінде фитонимдік тілдік бірліктер кіреді. Тарихи тұрғыдан алғанда, өсімдік атауларының мазмұны, олардың этнолингвистикалық, танымдық,

антропоэзектік, мәдени, құрылымдық, прагматикалық сипаттарын терең зерттеу маңызды. Себебі тілімізде қолданылып жүрген көптеген тілдік бірліктердің (мақал-мәтел, фразеологизм, топонимдер, т.б.) құрамында өсімдік атаулары кездеседі. Өсімдік атаулары түрлі, әрі сан жағынан көп, олардың әрқайсысының мағынасын ашу, этимологиясына тоқталу, атау ретінде қолданылу себептерін қарастыру тіл мамандары үшін маңызды.

Кіріспе

Өсімдік атауларын зерттеу жиырмасыншы ғасырда қарқын ала бастады. В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Ә.Диваев сынды ғалымдар түркі тілдес халықтардағы фитонимдерге қатысты ырым-тыйымдарға тоқталса, С.Арыстанғалиев, Т.Мұсақұлов, М.Бимағамбетов, Г.А. Омарбекова секілді ғалымдар өсімдік атауларына қатысты сөздіктермен айналысты. Ал Б.Қалиев, М.Күштаева, т.б. ғалымдар өсімдіктердің семантикасына, этимологиясына назар аударып, олардың аталу уәжіне тоқталды.

Өсімдік атауларына қатысты ғалым П.Поляковтың 1946 жылы орысша-қазақша өсімдік атауларына қатысты сөздігі жарыққа шықты. Бұл сөздікте кей өсімдік атауларының қате қолданылып жүргендігі, кейбір атауларды әлі де зерттеу қажет екендігі аталды, сонымен қатар ғалым ботаникалық терминдерді талдаған «О казахских ботанических терминах» атты мақаласы жарияланған [1].

Фитонимдерді тек терминологиялық тұрғыдан емес, жалпы лингвистикалық жағынан Г.Ұйықбаев зерттеген. Өзінің «Өсімдіктердің халықтық атаулары» атты зерттеу еңбегінде өсімдік атауларының жасалуына негіз болатын факторларға тоқталады. Мәселен, түсі, көлемі, географиялық орны, иесі, саны, дәмі, емдік қасиеті, тұрмыста қолданылуы. Қазақ тіліндегі фитонимдерді латын, орыс тілдеріндегі өсімдік атауларымен салыстырып, мысал келтіріп, олардың ұқсастықтарын дәлелдеп көрсетеді. Өсімдіктерге қатысты терминдерді биологиялық, лингвистикалық тұрғыдан Ш. Күркебаев өсімдік мүшелеріне қатысты терминдерге тоқталып, адамның дене мүшелеріне қатысты жасалған өсімдік атауларын талдап, жасалу жолдарын, қолданылу ерекшеліктерін, әдеби тіліміздегі орнын көрсетті. Ал А.Айғабылов өсімдік атауларының бір тобы бау-бақша фитонимдерін семантикалық тұрғыдан зерттеді. Олардың этимологиялық қабатына талдау жасады [2].

Ғалым Б.Қалиев фитонимдердің тілдік ерекшеліктеріне, жасалу жолы мен шығу төркініне назар аударды. Ғалым өсімдік атауларының ұлт болмысымен байланысын зерттеп, талдау барысында функционалдық тәсілді қолданған. Ол өзінің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты еңбегінде жалпы өсімдік атауларының лексикалық құрамына, морфологиялық ерекшеліктеріне, жасалуының номинативтік, уәжділік, семасиологиялық негіздеріне тоқталып, оларды былай жіктеп көрсетеді:

- Өсімдіктердің төл атаулары (түркі тілдеріне ортақ өсімдік атаулары және қазақ тіліне тән өсімдік атаулары);

• Басқа тілден енген өсімдік атаулары (араб-парсы тілінен енген және моңғол тілінен енген, орыс тілінен ауысқан) [3,89 б.];

Этнолингвистика саласын жүйелі зерттеген Ә.Қайдаров үш үлкен макро топты бөліп алады. Олар (Адам, Қоғам, Табиғат), осы табиғат макро тобының микрожүйесі ретінде қарастырылып жүрген фитонимдерді өзге тілден енген өсімдік атаулары, түркі тілдеріне ортақ өсімдік атаулары, өсімдіктердің төл атаулары деп қарастыруға болады деп көрсеткен. Тілімізге тән өсімдік атаулары *ажырық, бетеге, арам шөп, бұйырғын, жантақ, жалбыз, шытыр, селеу, қына, мия, шекілдеуік, т.б.* Ғалым фитонимдерді семантикалық тақырыпшаларға бөледі. *Бұталар, шөптесіндер, шөптер, ағаштар, дәнді дақылдар, гүлдер, бау-бақша, көкөніс, жеміс-жидек, саңырауқұлақтар, т.б.*

Өсімдік атаулары мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Себебі өсімдіктер малға азық, түрлі ауруларға ем. Жайылымға қолайлы шөптерді **от** деп атаймыз. Этнографиялық энциклопедияда жағымды, жасық, көк, қара, ақ, ащы де әр отқа кіретін өсімдіктерді алты топқа бөлген. Жағымды от: көде, бетеге, селеу, жауылша, тарлау, қызғалдақ, жұмыр, қияқ, т.б. Жасық от: құмай, шым, мысыққұйрық, т.б. Көк от: көк балауса, көкорай шалғын, көк майса, көкпе көк, т.б. Қара от: жусан және оның түрлері, көкпек, баялыш, кекіре, мия, сораң, текесақал, итсиген, т.б. Бұл топқа кіретін өсімдіктер күз айларында белең ала бастайтын ащы шөптер. Ақ от: көкмия, қамыс, жоңышқа, бидайық, бетеге, көде, ажырақ, т.б. Ащы от: жантақ, сексеуіл, қарабарқын, қарасораң, күйреуік, жыңғыл, тал, жиде, тораңғы, торғайоты, балықкөз, шыртылдақ, шытыр, қызғалдақ, дүзген, текесақал, ақбас, шайыр, шағыр, бөргек, құрғаш т.б. [4, 292 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем шығармалар зерттеу материалдары ретінде алынды. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының ұлттық-мәдени, этнографиялық, фитонимдік бейнесін ашуда антропоцентристік, жүйелілік және аксиологиялық ұстанымдар ескерілді. Зерттеу жұмысын жүргізуде талдау, сипаттау, салыстырмалы-типологиялық әдістер мен топтастыру тәсілі қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Фитонимдер – әртүрлі өсімдіктердің атауын қамтитын лексиканың ерекше тақырыптық тобы. Тілімізде кездесіп жүрген *жаңғақ, жусан, алма, қайың, қамыс, терек, құрма, шабдалы, інжір, бадам, өрік, қияр, сарымсақ, қара от, қара өрік, т.б.* өсімдік атауларының өзіндік қойылу уәжі бар. Сол себепті фитонимдердің жасалуына географиялық аймақ, климат, қоршаған орта және өзге де факторлар өз әсерін тигізеді.

Адыраспан. Ежелден медицинада, тұрмыстық өмірде жиі қолданылған. Бұл сөздің шығу төркіні көне түркі тіліндегі *адыр-адир-айыр* етістіктерін салыстырудан шығады. Бұл жайлы ғалым Е.Керімбаев географиялық атаулардағы адыр сөзі көне түркі тілдерінде (ажырату, бөлу, айыру) мәнінде қолданылған етістік екендігін айтады. Бір қатар географиялық атаулардың

жасалуына негіз болған. Демек, айыр\адыр мағыналас, тек фонетикалық й\д сәйкестіктерін көреміз [5, 161 б.].

Қазақ халқының тұрмысында адыраспанның орны ерекше болған. Улы өсімдіктер қатарына жататын адыраспанның емдік қасиеті өте көп. Атап айтсақ, тіс ауырғанда адыраспанның шөбін пайдаланған, буын, аяқ-қол қақсағанда, дене бөрітіп теріскен шыққанда осы шөптің суымен булаған. Жапырағы мен сабағы ұмытшақтық ауруына ем. Жануарларға да бұл шөптің пайдасы өте зор. Жануарлар өз жараларын адыраспанға аунап кетірген. Сонымен қатар мал шаруашылығында қотыр, жараны кетіру үшін қолданады. Далада өсіп тұрған адыраспанды жұлмаған. Шыбын-шіркей бұл өсімдікке жоламаған. Қолөнер саласында адыраспанды қайнатып, одан алынған бояумен жіптерді бояған.

Ерте заманда адамдар адыраспанның күлінен сақар, насыбай жасап, сабын қайнатқан. Медициналық тұрғыдан бұл шөптің тұнбасын тамақ ауруларын емдеуге, ал қайнатпасын тер шығарып, іш жүргізу үшін пайдаланған. Емдік қасиеті мол адыраспанды мал шаруашылығында мал қотырын емдеуде қызыл, қара бұрышқа араластырып жағады. Киікоты, мыңжапырақ шөптерімен араластырып асқазан емдесе, оның тұқымынан алынған бояумен жүн бояған [6, 510 б.]. Мысалы: Дьяков дүрбіні көзіне апарып еді, қолы қалтырады ма, қалай сығаласа да көзі қарсы беттегі сары төбенің байрайына тіреліп, адыраспан ба, итсигек пе, қайда бір сондай қауқиған қадау-қадау бұталарға түсе берді.

Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде бұл шөпке мынандай анықтама беріледі: (гармала) қарапайым шөп. Азия медицинасында бұл шөпті ұйықтататын, құсуға қарсы және антигельминтикалық тұрғыда қолданады. Таяу Шығыста және Орталық Африкада түсік түсіретін дәрі ретінде пайдаланады. [7, 5-6 б.].

Адыраспан шөбінің магиялық, киелілік қасиеті де бар және бұл құбылыс түркі халықтарының көбісінде кездеседі. Қазақ танымында *адыраспан – от – аластау* ұғымдары бір-бірімен байланысты. Ежелден қоршаған ортаны танып, әлемнің тылсым күштеріне сенген көшпелі мәдениетті сақтаған халқымыз көшіп келген қыстау, жайлау, жаңа қонысын отпен немесе адыраспанмен аластаған. Бұл түсінік жақсылық орнасын, бәле-жала кетсін және мифологиялық тұрғыдан жын-шайтандар жоламасын деген мәнге ие. Жаңа түскен келін мен буыны қатаймаған баланы бекікке жатқызар алдында да адыраспанмен аластаған. Аластау дегеніміз оттың немесе адыраспанның көмегімен тазарту тәсілі, көз тию, бәле-жаладан оттың көмегімен арылу.

Этнографиялық сөздікке: «аластау барысында жанып тұрған отқа тұз себіледі. Сарғылдап жанған оттан әуелі малдары, кейін ауыл адамдары өтеді. Әйелдер дауыстап «алас, алас», «ескі жұртта есіркедің, жаңа жұртта жарылқа» деп Жаратқанға шүкіршілік білдіріп, қыстан, жылдан аман-есен шыққандарына тәубешілік етеді [8, 190 б.].

Түрік тілінде «адыраспанды» «*üzerlik otu*» деп атайды. Түркі халықтары үшін бұл өте пайдалы, киелі, магиялық күші бар өсімдік. Түркі халықтарының аңызында бұл сиқырлы өсімдік ретінде де белгілі "көбелектер" делінген.

Кейбіреулер бұл өсімдікті "гармала" деп сириялықтар мен мысырлықтар оны "бесаса" (Беса құдайының өсімдігі) деп атайды. Өсімдіктің тамыры қара және ақ түсті болады. Ежелгі мысырлықтар бұл өсімдікті жаман көзден қорғану үшін қолданған, хош иісті заттар жасаған және Солтүстік Африка елдерінде бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталған [9, 11 б.].

Қазақ және түрік халықтарының «адыраспанға» қатысты танымдық көзқарастары ұқсас. Оған дәлел «жаман көз», «көз тию», «өткір көз» сияқты наным-сенімдердің қалыптасуы. Түрік, қазақ халықтарында *адыраспанды* жаман көзден (*nazar*) сақтау үшін үйдің керегесіне кептіріп іліп қойған. Бұл дәстүр күні бүгінге дейін сақталған. Адыраспанды тұтатып, оның түтінімен үйді, сарайды аластау да түркі халықтарында сақталған дәстүр.

Ғалым С.Қондыбай адыраспан жайлы: «Ыстық өлкеде өсетін ащы дәні бар өсімдік, (адыраспан, адыраспан шыққан жерді, сірә, баспан) деген тіркестен айрықша қасиетке ие екенін байқауымызға болады. Бұл өсімдіктің киесіне сенгендіктен, тек ер адамдар дәрет алып, ерте аттанып, жұлар алдында сәлем берген:

Ассалаумағайкүм, адыраспан,

Бізге сізге жіберді Омар, Оспан, - деп бастап, малдас құрып, құран аяттарын оқыған [10, 134 б.].

Изенді, бетегелі, мық жусанды,

Ақ көде малға шүйгін шөп аман бол!

(Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жырынан үзінді)

Жусан. (қ.қалп. *жусан*, ноғ. *йувсан*, башқ. *арем*, қырғ. *эрмен*, түрк. *йовшан*, өзб. *эрмон*, көне түрк. *javsan*). Қазақ емшілері жусанды емдік шөп ретінде қаны азайған, әлсіреген, қажыған адамға демдеп берген. Қотырды емдеуге, ішек құрттарын түсіруде пайдаланған. Этимологиялық ерекшелігіне тоқталсақ ежелгі орыс сөздігінде *rolëti* /гореть, пылать/ яғни жану мағынасында, ал өзге деректерде *pel-/ pol-* түбірі түс атаумен байланысты деп беріледі. Сол себепті ерекше семиотикалық мәртебесі бар жусан ерекше түсті, ащы дәмі шөп мағынасын береді. [11, 36 б.].

Жусан – қырда өсетін бозғылт көкшіл түсті, аңқыған өткір иісті, қой түлігі сүйсініп жейтін шөп. Жусанның көптеген түрлері бар. Қазақ даласында өсетін көптеген шөптердің емдік қасиеті бар. Жусан гүлінің кенені өлтіретін қасиеті болғандықтан оны қойдың үстіне себеді, сонымен қатар малдың ішек құртын түсіру үшін де қолданады. Жусанға жайылған малдың еті дәмді, майлы болады. Мал шаруышылығынан бөлек оның адамға тигізер пайдасы зор. Адам бойындағы бактерияларды өлтіріп, сүйелді кетіруге көтеседі. Түсі ерекше, иесі бар өсімдік.

Ә.Қайдардың анықтамасы бойынша, жусан – далалы, шөлейт жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік. Ғалымдардың пайымдауынша, сексен екі түрі бар. Құрамында эфир майы болғандықтан иіс суларды өндіруде, арақ-шарап жасауда қолданылады [6, 519 б.].

Қазақ даласында жусанның көптеген түрлері кездеседі. Атап айтсақ:

Боз жусан – жаздың соңғы айларында көктейтін көпжылдық өсімдік.

Дермене жусан – Қазақстанның оңтүстік өңірінде өсетін жабайы өсімдік. Емдік қасиеті мол.

Қара жусан – аласа, қысы-жазы үнемі көгеріп тұратын көпжылдық өсімдік.

Кез келген халықтың болмысын, рухани құндылығын оның тілінен көреміз. Адамзат баласының ертеден қоршаған ортаны тану, құбылыстарды салыстыру арқылы ассоциативтік бейнесі қалыптасқан. Жалпылық сипатта ассоциативтік бейне символға айналады. Жусан шөбінің халық танымындағы орны ерекше. Ассоциация тұрғыдан қазақ танымында (жусан – дала, кең өлке, жусан – иіс, жағымды, жусан – отан, мемлекет, жусан – сағыныш). Бұны тіліміздегі көркем шығармалардан байқаймыз.

Кигені бөкен жарғақ, кебенектен,
Қобдадан деме күйші неге кеткен?
Жусанның иісі жұпар өз жерінде,
Қарттар-ай иісі бар сөздерінде,
Жүрекке жиі-жиі тебен өткен.

Тілдік қорымызда жусанға байланысты *бетегеден биік, жусаннан аласа* тұрақты тіркесі кездеседі.

Қамыс. Өзен, көл жағаларында, сулы, балшықты жерде өсетін көпжылдық өсімдік. Мысалы: Қырман мен ауылдың екі ортасында қалың **қамыс** пен қара қоға өскен кішкентай жыра-сай бар болатын, содан қорқып келеді.

Этнографиялық сөздікте қамыс туралы мынандай анықтама берген: «Қамыс – шаруашылықта пайдаланылатын балшықты жерде өсетін өсімдік. Қазақ қоғамында лашық, сарай салғанда, үй қабырғасын көтергенде балшыққа қамысты майдалап қосатын болған. Шөп шықпай, қуаңшылық болған жылдары жас, балауса қамыстарды жадымен турап малға азық ретінде берген. Этнографиялық таным бойынша, Сыр өңіріндегі қазақтар алғаш түскен келіннің бетін ашу үшін қамысты пайдаланады. Келіннің беті жабылған орамалдың ұшына қамысты байлап, сол өңірдің жас баласы немесе бетін ашатын адам ұстайды, яғни келіннен туылған балалар қамыстай қауғалап өссін деген сенім бар [4, 570 б.].

Т. Қоңыровтың «Теңеулер табиғаты» атты еңбегінде қамысқа байланысты *жел соққан қамыстай жапырылу, желді күнгі қамыстай, қалың қамыстай қирату, қамыстай құлақ, қамыстай әдемі, қамыстай шаншылту, қамыстай дүлей, нар қамыстай жапыру, сүйрік қамыстай өсіру, шоқ қамыстай* секілді теңеулер кездеседі [12, 336 б.]. Тілімізде қамыс сөзіне қатысты мынандай тұрақты тіркестер *бар: қамыс құлақ, қамыстай сүйір құлақ.*

Қамыстың этнографиялық сипаты:

✓ Жараланған жануарлардың қорғанысы, аң-құстардың ұялары мен індері орналасқан мекен;

✓ Ежелгі дәуірде киіз үйдің бір элементі ретінде қысты күндері еденге қамыс төселген;

- ✓ Қамыс өзінің берік, төзімділігімен де ерекшеленеді, сондықтан қамыстан баулап көпір жасаған;
- ✓ Қамысты тоқып балық аулауға арналған құрылғы жасалған. Қаза деп аталады;
- ✓ Қазақ мәдениетінде оқу-ағарту ісі дами бастағанда қамыстан қалам жасау әдісі пайда болған;
- ✓ Табағи апат кезінде суды, тасқынды бөгеу үшін қамыс қолданылған;
- ✓ Жоқшылық, ашаршылық кезінде қазақтар мәйітті қамысқа орап жерлеген деректер де кездеседі;

Ауыз әдебиеті үлгілерінде «қамысқа» байланысты мынандай түс жорулар кездеседі. Жәй қамысты көру – жаман пиғыл, әрекет, ауыр сөз. Ал алтыннан немесе күмістен болғандығын көру – осы өмірдегі адамның байлығы, ізгі істері, жақсы әйелі мен балаларының жетістікке жетуі. Ауылдың ішінде қамыс өсіп тұрса – сол ауылдың дұрыс емес істерінің ортаға шығуы, әйелдердің жиналуы. Кей кезде қамыс – неке қиюдың белгісі, жоғалған малдың табылуын білдіреді. Қамыстан жасалған үйді көру – жақсылықтың белгісі. [13, 121б.]. Түс жору, саным-сенім, тыйым, табу сөздер көшпелі мәдениетті сақтаған қазақ халқының тұрмыстық өмірінде ерекше орынға ие болған.

Бадам.Түркі халықтарында жеміске берілген атау. Тілімізде кірме сөз ретінде иран тілінен еніп отыр. Жергілікті халық бұл өсімдікті түкті өрік деп атаса, тәжік тілінде бодам (миндаль). Мысалы: Аласа дөңгелек үстел үстінде жайпақ жез табақта **бадам**, пісте, жаңғақ, хұрма, жүзім және де он шақты жемістердің түрлері толып тұр екен. Бадамның отаны – Орталық және Батыс Азияның таулы аймақтары. Осы жерден шығысқа қарай Қытай мен Үндістанға; батысқа Солтүстік Иран, Сирия және Жерорта теңізі елдеріне таралған.

Жаңғақ: йаңақ (тат.диал)/ жаңақ// жаңғақ (қырғ) – жаңғақ (қаз.,қалп.). В.Бангтың жаңғақ тыйағ (май) сөзімен төркіндес деген пікіріне сүйеніп, Э.В.Севортян азербайжан тілінде йағ+ақ бірліктерінен тұратындығын, түбірі (бір майлы нәрсенің) атауы, ал екінші компонент ұқсату мағынасын тудыратын модель деп түсіндіреді [14,166 б.]. Қазақтың танымында жаңғақтың алар орны ерекше. Қолөнерде қоза бүйімі бас киімге немесе сырт киімге арналған. Жаңғақ секілді іші қуыс, сырты күмбез секілді болады. Сондықтан белгілі бір аймақтарда қоза – жаңғақ деп те аталады.

Жаңғақ тұқымдасының қосжарнақтылар тұқымдасының ағаш түрі, қыста жапырақты, қабығы қалың және жоғары өсетін, ұзаққа төзімді, бағалы ағаш. Қатты қабықтағы бұл ағаштың қоректік, майлы және дәмді жемісі бар. Арабтың sawz/cauz (жаңғақ) сөзінен алынған. Жаңғақ – Кіші Азияның шығысында қарқынды өсетін өсімдік. Махмұд Қашқарлық сөздігінде яғақ сөзі жаңғақ деп берілген. Әзербайжан тілінде seviz, goz, ұйғыр тілінде уаңгак, ұйғыр тілінде янгак, түрікмен тілінде hoz, қырғыз тілінде жанггак, қазақ тілінде жаңғақ [15]. Қорыта айтқанда, өсімдік дүниесінің семантикалық мәні өте ауқымды. Тіл білімінің барлық саласында кездесіп, халықтың болмысын көрсететін ауқымды атаулар жүйесі.

Зерттеу мақаласын жүргізу барысында мына нәтижелерге қол жеткіздік:

- Фитонимдерге, олардың тілдік бірліктерде қолданылу ерекшеліктеріне қатысты ғалымдар пікірі сараланды;
- *Адыраспан, жусан, бадам, жаңғақ, қамыс* секілді өсімдік атауларының семантикасы, этимологиясы қарастырылды;
- Адыраспан өсімдігінің мифтік, шаманизмдік ерекшеліктері туралы ақпарат берілді;
- Ауыз әдебиеті үлгілерінде осы өсімдік атауларының қолданылуына мысалдар келтірілді;
- Ассоциативті бейне негізінде *жусан* шөбінің концептілік ерекшелігі қаралды;
- Тіліміздегі *қамыс* сөзіне қатысты теңеулер мен фразеологизмдер талданды;

Қорытынды

Қорыта айтқанда, тіл мен мәдениет байланысынан пайда болған тілдік деректер сол этностың, халықтың сөздік қоры мен байлығының көрсеткіші бола алады. Адамның дүниетанымы, қоршаған ортаны қабылдауы, тұрмыс-тіршілігі «әлем бейнесін» көрсетсе, халық менталитетінің, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрпының көрінісі тілдік сананы қалыптастырады. Сол себепті әлемнің тілдік бейнесі арқылы кез келген этностың тілінде сол халықтың танымдық ерекшеліктерін көре аламыз. Тілдік қорымыздың бір бөлігін табиғат – адам – қоғам сабақтастығындағы өсімдік атаулары құрайды. Ежелден қоршаған ортамен етене байланыс жасаған адамзат өсімдіктің пайдасы мен қызметін білген. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында өсімдіктердің емдік қасиетінің өте мол болғанын байқадық. Қазақ танымында «адыраспан, жусан, бадам, қамыс, жаңғақ» секілді өсімдік атауларына тоқталдық. Олардың дәстүрлі сипатынан бөлек, символдық, мифтік, этнографиялық ерекшеліктері қарастырылды. Ауыз әдебиеті үлгілерінде қыз-келіншектердің сұлулығын сипаттауда, беріктік пен мықтылықты, туған жерге сағынышты бейнелеуді фитонимдер теңеу, тұрақты тіркес ретінде, символ мәнінде жиі қолданылған. Сондықтан «қамыс, жусан» секілді өсімдіктерге қатысты тілдік бірліктер талданды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Поляков П.П. О казахских ботанических терминах // Вестник Ан КазССР . – Алма-ата: Наука, 1950. – №6. – С. 98-99.
- [2] Шормакова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі: филол. ғыл. канд. ...диссер. – Алматы, 2020. – 178 б.
- [3] Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 159 б.
- [4] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 2 том. – Алматы, ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2012. – 736 б.
- [5] Большой энциклопедический словарь лекарственных растений. – 2015.– 761 с.
- [6] Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т.3: Табиғат. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
- [7] Блинова К.Ф. и др. Ботанико-фармакогностический словарь: Справ. пособие / Под ред. К.Ф. Блиновой, Г.П. Яковлева. – Москва: Высш. шк., 1990. – С. 178-179.

- [8] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 1 том. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2017. – 738 б.
- [9] Kübra ŞAHİN. Üzerlik bitkisinin türk halk kültürü ve sanatı açısından incelenmesi. Erzurum–2012.
- [10] Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 480 б.
- [11] Колосова В.Б. Лексика и символика славянской народной ботаники. Этнолингвистический аспект / В.Б. Колосова. – Москва: Индрик, 2009. – 352 с.
- [12] Қоңыров Т. Теңеулер табиғаты. Оқу құралы. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2005. – 512 б.
- [13] Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2013. – Т. 94: Түс жору және ырымдар. – 432 б.
- [14] Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 256 б.
- [15] Bilal A. Ak sözlük. – 2019. <http://aksozluk.org/badem> 14.02.2023.

REFERENCES

- [1] Poläkov P.P. O kazahskih botanicheskikh terminah (About Kazakh botanical terms)// Vestnik An KazSSr . – Alma-ata: Nauka, 1950, №6. – S. 98-99. [In Rus.]
- [2] Şormakova A. Qazaq tılındaғы өсімдік әлемінің lingvomädeni beinesi (Linguocultur al image of the plant world in the Kazakh language): filol. ğyl. kand. ...dissert. – Almaty, 2020. – 178 b. [in Kaz.]
- [3] Qaliev B. Qazaq tılındaғы өсімдік атаулары (Plant names in Kazakh). – Almaty: Ğylym, 1988. – 159b. [in Kaz.]
- [4] Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlı jüiesı (The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names) / Ensiklopedia 2 tom. – Almaty, TOO «Alem Damu İntegrasiyası», 2012. – 736 b. [in Kaz.]
- [5] Böļşoi ensiklopedicheski slovär lekarstvennyh rasteni (Large encyclopedic dictionary of medicinal plants). – 2015 .– 761 s. [In Rus.]
- [6] Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı әлемінде (Kazakhs in the world of their native language). T.3: Tabiğat. – Almaty: Sardar, 2013. – 608 b. [in Kaz.]
- [7] Blinova K.F. i dr. Botaniko-farmakognosticheski slovär (Botanical and pharmacognostic dictionary): Sprav. posobie / Pod red. K.F. Blinovoi, G.P. İakovleva. – Moskva: Vyssh. šk., 1990. – S. 178-179. [In Rus.]
- [8] Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlı jüiesı (The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names) / Ensiklopedia 1 tom. – Almaty: TOO «Alem Damu İntegrasiyası», 2017. – 738 b. [in Kaz.]
- [9] Kübra ŞAHİN. Üzerlik bitkisinin türk halk kültürü ve sanatı açısından incelenmesi (Investigation of the herbaceous plant from the point of view of Turkish folk culture and art). Erzurum–2012 [in Turk.]
- [10] Qondybai S. Baiyrğy qazaq dinietanymnyñ negizderı (Fundamentals of the indigenous Kazakh religion). Ensiklopedialyq basylym. – Almaty: «Qazaq tılı» baspasy, 2018. – 480 bet. [in Kaz.]
- [11] Kolosova V. B. Leksika i simbolika slavänskoï narodnoï botaniki (Vocabulary and symbolism of Slavic folk botany). Etnolingvisticheski aspekt/V.B. Kolosova. – Moskva : İndrik, 2009. – 352 s. [In Rus.]
- [12] Qoñyrov T. Teñeuler tabiğaty (Nature of simulations). Oqu qūraly. – Almaty: «Aлаш» baspasy, 2005. – 512 bet. [in Kaz.]
- [13] Babalar sözi (Word of ancestors): Jüztomdyq.—Astana: «Foliant», 2013 . – T. 94: Tüs joru jäne ырымдар. – 432 bet. [in Kaz.]

[14] Qaidar Ä. Ğylymdağy ğūmyr. Qazaq tılı etimologiasynyñ ğylymi-teorialyq negizderi (Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language of life in science). – Almaty: «Sardar» baspa üin, 2014. – 256 b. [in Kaz.]

[15] Bilal A. Ak sözlük (White dictionary). – 2019. <http://aksozluk.org/badem>
14.02.2023. [in Turk.]

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР НЕКОТОРЫХ НАЗВАНИЙ РАСТЕНИЙ

Сарекенова К.К.¹, Бейсенбай А.Б.², *Мухтарова Ф.С.³

¹ док.фил. наук., профессор, Евразийский национальный университет
им.Л. Н. Гумилева, г. Астана, 010000, Казахстан,
0000-0002-9464-0070, e-mail:sarekenova@mail.ru

² канд. фил. наук, доцент, Евразийский национальный университет
им.Л. Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, e-mail:Beisenbai_ab@enu.kz

*³ докторант, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан,
0000-0003-4996-9210, e-mail:farizamm97@gmail.com

Аннотация. Казахская степь разнообразна, богата растительным и животным миром. Национальная природа, духовная культура и традиции народа показаны названиями растений, в соответствии с связью природа-человек. В течение многих лет рассматривались биологические особенности и структурная система названий растений. А их семантика, мотивация создания фитонимов, национальная специфика еще требуют изучения.

Цель исследовательской работы – определить их место в когнитивной лингвистике, показать этнографический характер, взяв в качестве объектов названия растений в казахском языке. Значимость исследовательской работы состоит в рассмотрении этимологии, лингвистических особенностей, лечебных свойств, отличительных черт святости, магии, мифов таких фитонимов, как гарлама, полынь, тростник, миндаль, грецкий орех. При написании статьи использовались методы описания, лексико-семантического анализа, систематизации. В результате исследовательской работы была представлена информация о пользе адыраспана, о его главных особенностях, сравнивались представления турецкого и казахского народов об этом растении. Остановившись на этимологии растения полыни, было учтено символическое значение в казахском познании. Дано определение фитониму камыша, определен этнографический характер, а также рассмотрены толкования снов, связанных с камышом. Были учтены теоретические мнения ученых, продемонстрированы особенности использования указанных растений в художественной литературе, устойчивые словосочетания и языковые единицы, созданные на основе этих растений. Рассматривались сравнения, фразеологизмы, суеверные слова и мифологическая информация, верования, встречающиеся в языкознании, образцах устной литературы, относящиеся к указанным растениям. Практическая значимость исследования: с использованием этнографических словарей выявлен этнолингвистический характер данных растений. На основе антропотопической парадигмы предпринято рассмотрение единиц, относящихся к названиям растений, в связи с познавательной мыслительной способностью человека.

Ключевые слова: этнолингвистика, полынь, гарлама, тростник, миндаль, грецкий орех, фитоним, природа

ETHNOGRAPHIC CHARACTER OF SOME PLANT NAMES

Sarekenova K.K.¹, Beisenbai A.B.², *Mukhtarova F.S.³

¹Doc.Phil.Sc., Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan,

e-mail:sarekenova@mail.ru, 0000-0002-9464-0070,

²Cand.Phil.Sc., Docent, L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan,

e-mail:Beisenbai_ab@enu.kz

*³doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan,

e-mail: farizamm97@gmail.com, 0000-0003-4996-9210

Abstract. The Kazakh steppe is diverse, rich in flora and fauna. The national nature, spiritual culture and traditions of the people are shown by the names of plants corresponding to the relationship between nature and man. For many years, biological features and the structural system of plant names have been considered. And their semantics, the motivation for creating phytonyms, and national specifics still need to be studied.

The purpose of the research work is to determine their place in cognitive linguistics, to show their ethnographic character by taking the names of plants of the Kazakh language as objects. The significance of the research work consists in considering the etymology, linguistic features, medicinal properties, distinctive features of holiness, magic, myths of such phytonyms, like harlama, wormwood, cane, almonds, walnuts. When writing the article, methods of description, lexico-semantic analysis, and systematization were used. As a result of the research work, information was provided about the benefits of adyraspan, about its main features, and the ideas of the Turkish and Kazakh peoples about this plant were compared. Having stopped at the etymology of the wormwood plant, the symbolic meaning in Kazakh cognition was taken into account. The definition of the phytonym of the reed is given, the ethnographic character is determined, and the interpretation of dreams associated with the reed is also considered. The theoretical opinions of scientists were taken into account, the peculiarities of the use of these plants in fiction, stable phrases and language units created on the basis of these plants were demonstrated. Comparisons, phraseological units, superstitious words and mythological information, beliefs found in linguistics, samples of oral literature related to these plants were considered. Practical significance of the study: using ethnographic dictionaries, the ethnolinguistic nature of these plants was revealed. On the basis of the anthropotopic paradigm, the consideration of units related to the names of plants in connection with the cognitive thinking ability of a person is undertaken.

Keywords: ethnolinguistics, wormwood, harlama, reed, almond, walnut, phytonym, nature

Статья поступила 08.02.2023